

Ж.А. Жақыпов*

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)*

Ұлы жібек жолындағы қазақ астионимдері

Ұлы Жібек жолын пәнаралық тұрғыдан тілтанулық зерттеудің маңызы зор. Бұл тілдің кумулятивтік қызметін түсіну үшін қажет. Қазақ лингвомәдениеттануын байытады. Осы мақсатпен мақалада Жібек жолындағы қалалар зерттеледі. Олардың мән-мағынасы этимология жасау арқылы айқындалады. Ұлы Жібек жолы бойында қалалар өте көп. Оларды түгендеп талдау – үлкен іс. Мақалада Қазақстан жерінен орын алған қалалардың атаулары нысан етілді. Ономастика үшін мағынасы көмескі сөздерді зерттеу басты мақсат болып саналады. Сондықтан қазір археологиялық қазбалар арқылы табылып жатқан қала атаулары талдауға тартылды. Зерттеу барысы тиянақты болу үшін гидрографиялық терминге негізделген астионимдермен шектелдік. Сайрам, Сығанақ, Суяб, Шарап, Екіөгіз тарихи қалаларының Ұлы Жібек жолы бойындағы орыны белгіленіп, атауларының типтік үлгілері анықталып, жаңаша этимологиялық түсіндірме берілді.

Кілт сөздер: ономастика, топоним, дромоним, ойконим, астионим, типтік үлгілер, сөз құрамы, сыңар.

Kipicne

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпанда №3859 жарлығымен қабылданған «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркітілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау мемлекеттік бағдарламасы» жүзеге асыру – әлі де өзекті мәселе. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – Жібек жолы бойындағы қазақстандық бөліктің урбандануының тарихи жүйесінің жалпыұлттық, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық ролін жаңғырту. Осы мақсаттың толық орындалуына тілтанушылар қосар үлес те аз болмайды.

Хронологиялық және мәдени тұрғыдан Жібек жолы мұралары өркениеттің жахандық екі құбылысынан тұрады: көшпелі елдің рухани және материалдық мәдениетінің киелілігіне және еуразия құрлығындағы көші-қондық үдерістерге негіз болған қатпарларынан; адамдардың тіршілік ортасын қалыптастырған отырықшылық-егіншілік мәдениетін қалыптастырған бай мұрасынан.

Тарихшылардың мағлұматтарына сүйенсек, Жібек жолы б.д.д. II ғасырында-ақ сауда-саттықтың қалыптасқан желісіне айналған. Ал оның қазақтың дромониміне (жол атауы) айналуы XI ғасырға тиесілі. Ұлы Жібек жолының екі бағыты болған: бірі – Оңтүстік жол, екіншісі – Солтүстік жол. Қазақстанға қатысты жол Солтүстік жол болды. Бұл – Қашғардан Ферғана шығып, Самарқанд, Бұқара, Мерв арқылы Хамаданға, Сирияға шейін созылған. Қазақстан осы Солтүстік жолдың бағытына жататын ел еді. Ферғана арқылы өтудің қауып күшті болғандықтан, XI ғасырда Қытайдан шығып Жетісу, Қазақстанның оңтүстігі арқылы өтетін жол қатты жанданыпты. Дереккөздерде Жібек жолының Қазақстандағы телімі Шаштан шығып Сайрамға, онан шығысқа қарай бет алып Шараб, Бұдхкент арқылы Таразға жетеді, онан ары Құлан, Меркі, Аспараға барады. Бұл тараптағы ірі қала Науакент түрік қағандарының сарайы орналасқан, солай бола тұра соғдылардың қаласы болып есептелді. Бұл жолда түргештер мен қарлұқтардың астанасы болған Суяб қаласы бар. Қазіргі Талғар қаласының теріскей тұсындағы Тәлхиз (Тәлхира) транзитті сауданың орталығы болғаны айтылады. Осы қаладан солтүстікке жүргенде Екіөгіз атты қала болыпты, осы қаладан шыққан керуен базарымен аты шыққан Қойлық шахарына аялдаған. Сырдария бойымен де керуен жүрген, бұл керуендер тоқтаған қалалар – Отырар (Фараб), Шауғар (осы қаламен қатар «Ясы» да аталады) т.т. XIII ғасырда Сауран мен Сығанақ (Сунақ), Янгикент, Жент, Сарайшық, Сарай-Бату қалаларында Жібек жолы саудасы қыза түседі [1].

Сөйтіп, Жібек жолын зерттеуші тарихшылар мен географтар бірнеше қаланың атын атайды, солардың ішінен бұл күнде көнерген атауларды зерттеу маңызды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhan.zhak58@gmail.com

Зерттеудің мақсаты – Ұлы жібек жолы бойындағы қалалардың атауларын пәнаралық тұрғыдан сипаттау. Осыған орай мынадай **міндеттер** атқарылады: Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар географиялық, тарихи, этнологиялық тұрғыдан айқындалады; ономастикалық (топонимикалық) тұрғыдан классификаланады; айқындалған қалалардың этнолингвистикалық сипаттамасы жасалады; астионимдерге этимологиялық, семантикалық талдау жасалады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері

Ономастикалық лексиканы зерттеуде экспансиондық тұрғыны ұстану тиімді, өйткені бұл тұрғы жалқы есімдердің бойындағы тарихи, әлеуметтік, т.б. ақпараттарды қамтиды. Қазіргі ономастикада сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы, семиотикалық, статистикалық әдістер қолданылып жүр. Бұл әдістерді қапталдастыра қолдану біздің зерттеу нысанымыздың, Жібек жолындағы қалалардың, ерекшелігінен келіп шығады. Бұлардың ішінде ономастикалық қатпарлардың белгілі бір тілге тиесілігіне қарай талдайтын, түпкі тілді анықтауға талпынатын тарихи әдіс қызықтырақ. Осыған орай сөздің жалпы есімнен немесе сөз тіркесінен келіп шыққанын анықтайтын этимологиялық талдау басты орынға ие болады. Сөзді төркіндетуде атаудың түзілуі мен дамуын көрсететін «ішкі» тарих және атаудың қоғамдық өмірдің белгілі бір кезеңдерімен қатыстылығын байқататын «сыртқы» тарихтың ықпалы айқын болады.

Нәтижелер және олардың талқылау

Астионим – ойконимдер ішінде қала атауын білдіретін термин. Астионим, ойконимдер ономастика салалары ішінде топонимияның шеңберінен тыс шықпайды, керісінше, бұлар – етенелес есімдер. Астионимдерге тоқталайық.

Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағына кірер нүктесі **Сайрам** қаласынан басталады. *Сайрам* – қазіргі Түркістан облысындағы ауыл аты. Сайрамсу өзенінің жағасына орналасқан. Елді мекен атауы осы өзенге қатысты қойылған. Әуелгі аты – Испиджаб, «екі өзен аралығы», «ақ өзен жағасындағы қала» деген мағыналарды білдіргені айтылады [<https://e-history.kz/kz/news/show/2381/>].

«Көне түркі сөздігінде» Сайрам сөзі туралы үш мәлімет бар: **«SAJRAM** I: sajram suv мелкая, неглубокая вода (МК III 176). **SAJRAM** II *геогр.* Название города (МК III, 176). **SAJRAMLAN**- уменьшаться, убывать (*о воде*): suv sairamlandi вода убывала (МК III, 205)» [2; 481-482]. Э. Мурзаев сөздігі де осы шектен шықпайды [3: 339-340]. Демек, бұл дереккөздерде сайрам сөзі сом күйінде алынып, мағынасы берілген. Қандай атаудың қойылуының болсын уәжі болады. Бұл уәж сол сөздің кумулятивтік қызметін айқындайды. Ол үшін, әрине, этимологиялық талдау арқылы сөздің жасалуының негізін ашып бере аламыз. Бұл үшін сөзді боршалап қарау керек болады. *Сайрам* астионимі – *сай* гидрографиялық терминіне негізделіп жасалған жалқы есім. Алайда *сайрам* сөзінің негізі *сайр* деп білеміз. Морфологиялық жіктерге былайша бөлуге болады: *сайр-а-м*. *Сайр* сөзі түркі тілдерінің ішінде оғыз тобында құрғақ арна, шұңқыр, шұңқырдағы бұлақ сияқты мағыналарды береді. Э.Д. Мурзаев бұл сөздің халха-монғол тілінен тыва тіліне *сайыр* түрінде енгендігін, «құрғақ арна», «суы құйылысқа дейін жетпейтін шағын өзеннің табаны», «таяз су» деген мағынаны білдіретінін көрсетеді [3; 339-340]. Бұған үзілді-кесілді қосылу қиын, өйткені қазақ тіліндегі *саяз* сөзінің *сайыр* сөзімен төркіндес екені байқалып тұр. Түркі тілдеріндегі *p/з* ауыспалылығын бақыласақ, бұған көзіміз жете түседі. Сөйтіп, *сай(ы)р* қазақ тіліндегі *саяз* сөзімен мағыналас болып шығады. *Сайрам* атауындағы *-а* – етістік жұрнағы. Қазақ тіліндегі етістіктің сөзжасамында *-а* белсенді қолданылатыны байқалады: *бау(ы)р-а, сын-а, ұз-а, қи(ы)н-а, сылдыр-а* т.т. Ал *-м* болса қазақ топонимдерін жасауда едәуір жиі қолданылатын қосымша. Мұны Б.Бияровтың топонимдік үлгілерінен көруге болады: «Етістіктен зат есім жасайтын өнімді жұрнақ *-ым, -ім, -м* дерексіз зат ұғымдарын (*білім, сенім, төзім*), мекендік ұғымды білдіретін зат атауларын (*күзем, жайылым, бөлім*) және нақты зат атауларын (*соғым, тізім, иірім*) қалыптастырады. Топонимжасамда «**табиғи нысанның тұрақты қимылын атауға негіз етіп алу**» (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.) арқылы азын-шағын атаулар жасайды: *Иірім, Егім* т.б.» [4; 400].

Сөйтіп, *Сайрам* астионимі гидронимге негізделген атау, «суы саяздағыш» өзен деген мағынаны білдіреді.

Шаран – орта ғасырда Жібек жолының Оңтүстік Қазақстаннан өтетін жолындағы қала аты. Қазіргі Түркістан облысында осы аттас ауыл бар. *Шаран* сөзінің түпнұсқалық дыбысталымы – *Шараб*. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған астионим *шар* және *аб* сөздерінің бірігіуінен

түзілген. Екінші бөлігі *аб* – парсы сөзі «су» деген мағынаны білдіретіні белгілі. Бірінші бөлігі *шар* сөзі талқылауды қажет етеді.

Хакас тілінде *чар* сөзі бар, алайда ол «жар, жартаc» мағынасын білдіреді, тәрізі ч/ж дыбыс алмасуынан болар. Шараб өзенін жарлы өзен, жартасты өзен деу географиялық уәжбен үйлеспейді.

Қазақ жерінде Шар атты өзен бар, қазіргі Абай облысы, Жарма ауданында Ертіске құятын өзен. *Шар* сөзін анықтауыш ететін басқа да топонимдер баршылық (Шарбұлақ, Шарқұдық т.с.с.). Б.Бияров: «... Ғ.Қоңқашпаев, А. Әбдірахмановтар монғолдың шар «сары» сын есімінен шығарады. Өзен құмының сары түсі суға сарғыш рең беріп тұратындықтан, монғ. шар «сары» сөзінен жасалған деген пікір дұрыс келеді», – деп есептейді [4; 109]. Д. Жүнісов те мұның монғолдың «сары» деген мағына беретін *шар* сөзінен шыққанын қолдайды [5; 111-112]. Қазақ тілі топонимдерінде сары түсті емес, ұзындықты білдіретінін ескерсек, бұл пікірмен келісу қиын.

Тағы да Б. Бияров: «*Шар* сөзінің көптеген мағыналарының ішінен «дөңгелек, домалақ зат» мәні ғана топонимжасамға қатысуға қабілетті болып келеді. Ол геонимнің «дөңгелек, домалақтана біткен» пішінін негізгі белгі етіп алады» [4; 328], – деп көрсетеді. Бұл бір қарағанда қисынға келеді. Алайда автор «шар» сөзінен парсы тілінен енгенін танып отыр. Парсы тілінде «дөңгелек, домалақтана біткен» мағынасын беретін сөз «шарх» болып дыбысталады. Ал *шарх* түркі тілдеріне *шар* болып емес, *шарық* болып кірген (*шарық қайрақ*, *шарық жіп* дегендерді еске алыңыз).

Ғ. Қоңқашпаев *шара* сөзін «көл табаны немесе өзен арнасы» деп санайды [6]. Мұны Шарап атауымен байланыстыра алмаймыз. Өйткені бірдей су мағынасын беретін екі сөзді қабаттастырудың ешқандай уәжі жоқ.

Парсы тіліндегі *чаһар* > *чаар* «төрт, төртбұрыш» сөзі де аталмыш топонимді жасауға араласа алатыны туралы да пікір бар [4; 328]. Бұған келісе тұрсақ, Шарап «төрт су» немесе «төрт бұрышты су» болып шығады – қисынға қисық келіп тұр, өзен атауына үйлеспей тұрған сияқты. Рас, қазақ тілінде «төрт» тек санды ғана емес, нышандық мәнде «түгелдікті» білдіретіні бар, мысалы, «төрт құбылаң түгел, төрт көзің түгел» дегенде осы мәнді анық байқауға болады. Осыны ескеріп Шарапты «түгелдей су» деп қарауға да болатын сияқты. Алайда Шарап өзенін көрген адам оны «түгелдей су» деп бағаламас еді. Мұның үстіне, *чаһар* парсы тілінде «чәһар» болып дыбысталады [<http://www.farhang.ru/>]. Бұған қоса, *чәһардың чаар* болып ауысуының уәжі табылмай тұр. Қазақ тіліне *чәһарды шар* болып енген деуге де дәлеліміз жоқ. Өйткені парсының қала деген мағынаны беретін *шаһр* сөзі Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи астионимдерде *шар* болып енгенін байқауға болады, мысалы Қарашар, Күшар. Осы сөзге сүйенсек, Шарап «қала+су» түріндегі күрделі атау болып шығады, яғни Шарапты қаланың суы деп ұғамыз. Бірақ бұл өзеннің Шарап деген қала болмай тұрғанда бар өзен екенін ескерген жөн.

Саха тілінде «қайраң» мағынасын білдіретін *чаар* сөзі бар. Саха тілінің Үлкен түсіндірме сөздігінде мұның мағынасы «Уунан айанныыры моһуоктуур чычас уулах сир, харгы. Мелькое место в реке, мель, отмель» деп екі тілде көрсетілген [7; 74]. Сондай-ақ тыба тіліндегі *саарыг* сөзі де «өзендегі қайраң өткел, өзеннің тайыз жері» мағыналарын береді екен [<https://classes.ru/all-tuva/dictionary-tuva-russian-term-8709.>]. Саха, тыба тілдерінің көнетүркілік элементтерді көбірек сақтап қалған тілдер екені белгілі, тіл тарихын төркіндетуде ретроспективалық бағыт көбінесе осы тілдерге келіп тірелетіні бар. Мұны қабылдасақ, Шараб «саяз су», «қайраңды өзен» болып шығады. Бұл – атауға уәж бола алатын сияқты.

Сөйтіп, Ұлы Жібек жолындағы *Шарап* атауының аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған, гидрографиялық терминге негізделген астионим екені анық. Олай болса, *Шарап* мағынасын «қайраңды су», «тайыз су» деп қабылдаған жөн болар еді.

Сығанақ қаласы Сунақ атауымен теңестіріле аталады. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Сунақата ауылының солтүстік шығысында болған қала, республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі. Ұлы Жібек жолының бойындағы астаналық мәртебедегі қала болған, Ақ Орданың бас қаласы болып саналған, 1469-1511 және 1521-1599 жылдары Қазақ хандығының астанасы ретінде белгілі. Фердаусидің X ғасырда жазылған «Шахнамасында».

Сунақтың табылдарсың қаласынан,

Жай алып жатып, бір су саласынан, –

деген тармақтар бар.

Ғаламторда *Сығанақ* сөзінің мағынасы халықтық этимология деңгейінде берілген: ««Сығанақ» сөзінің алғашқы буыны көне түркі сөзі «суб», «сың» немесе «сұғ», «су» деген түсінікке саяды. Екінші буыны «ан-ақ» «он оқ» деген I-VIII ғасырлар арасында түркі ру-тайпалары одағының жалпы атауы-

нан шыққан. Айтыла келе, үндестік заңына байланысты «Сығанақ» болып шыққан, яғни «Сулы қала» «су жағасына салынған қала» деген мағынаны білдіреді. Өйткені, Сығанақ – бұрын Сырдарияның Қаратау жақ етегінен ағатын үлкен арнасы мен түстік жағынан өтетін кіші бір саласы арасында, айнала судың ортасында жатқан табиғи су қорғанымен қоршалған. Тарихшы Зардыхан Қиянатұлының пікірінше, «Сығанақ» атауы түрікшеден аударғанда «қамал, қорған» деген мағынаны береді. Ортағасырлық деректерде «Сығанақ – Қыпшақ даласының гаваны (қақпасы)» деген теңеулер айтылған» (<https://syg-media.kz/tarikh/5303-syana-alasy.html>)

Сығанақ астионим ретінде Көне түркі сөздігінде көрсетілген: «SUÝNAQ *геогр.* название города (МК I, 471)» [2; 513]. Мұндағы «у» әрпін «ғ» деп те, «й» деп те оқуға болады. Сонда бұл екі түрлі оқылыммен қабылданады: Суғнақ, Суйнақ. Бұл сөз былайша морфемаланады: *сығ-а-нақ*, бәлкім, *сығ-ан-ақ*, қалай десек те мұның негізін де гидрографиялық терминмен байланыстыруға болады. Түбірін *сығ-*, *суғ-* деп екі нұсқада алуға болады. Сонда ретроспективалық жолмен қарасақ, көне түркі тіліндегі «судың» әуелгі пішінін беретін *суб*, *сув*, *суғ* келіп шығады. Мұның *Сунақ* аталып кетуіне де осы пішіндер түрткі болған. Бұл сөздің қосымшасын *-нақ* деп те қарауға болады. Қарнақ ойконимін қарастырған Л. Каримова: «Қарнақ» топонимі *қар* және *-нақ* (*ноқ*), *-лақ/лоқ*, *-ла+қ*, *ли+қ* элементтерінің қосылуынан пайда болып, «қарлы жер» деген мағынаны білдіреді. Ал *-нақ/ноқ* аффиксі өзбек тілінде тұрақ-жай атауларын жасаушы *-лоқ* аффиксінің бір нұсқасы болып саналады» [8; 70], – дейді. Егер бұған сүйенсек, *сығанақ* қазіргі тілімізде *сығалы* түрінде болып шығар еді, ал бұл – сөздің берер мағынасын тіптен күңгірттендіріп жіберер еді (Қарнақ сөзін Л. Каримовадан өзгеше талдауға болады: *қар* – көне түркі тілінде етістік, «араласу» деген мағынаны білдіреді [2; 422], оған *-ынақ/-анақ* форманты жалғанып тұр, *-нақтың* алдындағы сусымалы дауысты дыбыс түсіп қалған). Сондықтан *-анақ* қосымшасын қарастырған жөн. Қазақ тілінде *-анақ* формантымен топонимдер де, басқа зат есімдер де жасалады. Мысалы: *Қарнақ*, *Шығанақ*, *қағанақ*. *-анақ* күрделі қосымша деп санаймыз: *-ан* және *-ақ*. Бұлар түркі тілінің қай-қайсында болсын қолданылады. *-ан* жұрнағы етістіктен зат есім тудырып, қимылдың статикалық күйін, қалпын білдіріп тұрады, бұл жұрнақтың фонетикалық нұсқалары – *-ан/-ен*, *-ын/-ін*, *-н*. *Қыр-ан*, *шығ-ан*, *бөге-н*, *сұр-ен*, *піш-ен*, *шығ-ын*, *сау-ын*, *түй-ін*, *мақта-н* т.с.с. зат есімдер осы тәсілмен жасалған. Сонда *Сығанақ* сөзінің бірінші бөлігі *суғ-ан* болып шығады да, бұл жерде *суғ* пішінінің етістік-есімдік корреляциясы (синкретизм) жанданады (мұндай корреляция түркі тілдерінде өте жиі кездеседі, мұны Е.З. Қажыбековтің зерттеулерінен анық көруге болады [9]), сөйтіп, *-ан* жұрнағының ықпалымен судың әлдебір статикалық қалпын білдіретін зат есім болып саналады. Кейінгі морфема *-ақ* та зат есім тудыратын жұрнақ, үндесімдік нұсқалармен қолданылады: *-ақ/-ек*, *-ық/-ік*, *-к*. Қазақ тілі сөзжасамында өнімді жұрнаққа жатады. Бұлар арқылы жасалған зат есімдер мағыналық тиянақтылыққа ие болып, «белгілі бір заттың не бір нақты процестің атауы ретінде қолданылады» [10; 319].

Осы тұста *Сунақ* деген этнонимнің бар екенін ескерте кетуіміз керек. Сонда «қала аты осы этнонимнен шыққан ба, әлде этноним осы ойконимнен шыққан ба» деген заңды сұрақ туады. Оның үстіне, сунақтардың негізгі мекені осы Сығанақ (*Сунақ*) төңірегінде екенін ескерсек, бұл сұрақ өткірлене түседі. Дереккөздер қожалар мен сунақтардың бір этникалық топқа жататынын, олардың атауының шығуын исламдағы суннамен (суннаһпен) байланыстырады [http://ushjuz.kz/?page_id=230]. Олардың ислам миссионерлері ретінде келгенін ескерсек, мұны теріске шығаруға болмайды. Сондықтан мұны объективті сәйкестік қана деп қараған ұтымды.

Сөйтіп, *Сығанақ* астионимі судың қандай да статикалық күйдегі процесінің атауы болып табылады.

Суяб – Ұлы Жібек жолы бойында, Шу алқабында, ортағасырлық дәуірдің бастапқы кезеңінде (V-VI ғасырларда) болған қала. Қазір Ақбешім ауылының маңында жасалған археологиялық қазбалардан *Суябтың* қалдықтары табылып отыр. *Суябтың* екінші есімі – Ордакент. Ордакент аталуы Батыс Түркі қағанатының ордасы болған. *Суяб* сөзі иран тілімен байланыстырылады: V-VI ғасырларда Шу өзені осылай аталғандығы туралы дерек бар: *سوی آب* – Ұлы Жібек жолындағы соғды қаласы ретінде шыққан. Соғдыша «яб» канал, арық деген мағына береді [<https://ru.wikipedia.org/wiki/https://www.wikiwand.com/kk>]. Қытайлар *Сүйе* деп атаған.

Суяб атауы екі сыңардан тұратыны анық: *су+йаб*. *Су* сөзінің мағынасы белгілі. Көмескілік *йаб* сыңарында.

Көне түркі сөздігінде: «ЈАВА I мокрый, влажный (МК III, 24)» [2; 221], – деген айғақ бар. *Йаба* сөзінің *йаб* зат есімінен жасалған сын есім екені айқын көрініп тұр. Бұған қарағанда, *Суяб* бір сөздің екі рет қайталана бірігуінен (*су-су*) жасалған атау болып шығады. Мұның реті келмейтіндей.

Э.Д. Мурзаев мынадай дерек келтіреді: «**ЯБ, ЯП** - оросительный канал (туркм., узб., Хорезм, Марыйский оазис). Ср. казах., ккалп. *жаб* - "большой арык", "канал". Р. Мургаб оканчивалась болотом паяб - "место, покрытое водой, где нога человека доходит до дна" [Бартольд, 1965, 3]. Восходит к иран. *аб* - "вода". ♦ Ақяп, Караяп, Кадыряп, Аджияп в Туркменской ССР, р. Сакызыб в Копетдаге, там же. Каналы Караяб, Перметяб в дельте Амударьи; древний канал Черменьяб в Сарыкамышской дельте этой реки. Сюда же Куляб - центр Кулябской обл.» [3, 459]. Көріп отырғанымыздай, Суябты арық, каналмен теңестіреді, парсы тіліндегі *аб* (су) сөзімен байланыстырады. *Йабтың* осы мағынасы қазақ говорында сақталғанын байқауға болады: «**ЖАП** 1. (Қорда: Арал, Қарм.; Шымк.: Шәу., Қызылқ.; Қост.: Аман., Жанг.; Ақт.: Ырғ.; Қарақ.) егіннің ішіне су жіберетін кішкене арық. 2. (Ақт., Ойыл; Түрікм.: Таш., Көнеұр.) су жіберетін үлкен арық. 3. (Гур., Маңғ.) жер бетінен биіктеу етіп жасалған арық» [7; 265]. Суябты су арығы ретінде тану үстірт қарағанда қисынға келетін сияқты. Алайда Шу өзенінің ертеде Суяб аталғанын ескерсек, яғни мұның өзен екенін білсек, мұны мойындау қиын [11].

М. Қашқари еңбегінде келтірілген *јабан* лексемасының мағынасы *құмды, құмды жер* деген мағына береді екен [12; 499]. Бұл сын есімнің түбірі «йаб» екені айқын көрініп тұр. Қазіргі Шу (бұрынға Суяб) өзенінің жағалауы, табаны қалың құм екені белгілі. Сонда, *Суяб* атауының *су* мен *құм* сөздерінен біріккенін айқын тануға болады. Сөйтіп, бұл өзен «құмы көп су» деген мағынаға орайласа кетіп тұр.

Екіөгіз (Екіөгіз). Тәлхизден басталатын теріскей жолы Талғар өзенін қуалай жүріп, Іленің Қапшағай шатқалы маңындағы өткеліне дейін жеткен. Одан әрі жол Шеңгелді үстімен Алтын Емел белесінен асып, Көксу алқабына түседі де, Екіөгіз қаласына жетеді. Ол кәзіргі Дунғановка селосының орнында болған. Вильгельм Рубрук бұл қаланы Эквиус деп атаған. Іле алқабының ең үлкен қала жұртының бірі тап осы жерден табылған [history.kz/kz/news/show/2381/]. *Оғыз/өгіз* сөздерімен келген топонимдерді оғыз этнонимімен байланыстыру бар, алайда біз қарастырып отырған атау да гидрографиялық терминге негізделген. Аналитика-семантикалық тәсілмен жасалған астионим *екі* сан есімі мен *оғыз* зат есімінің бірігуінен түзілген. Түркі топонимдерінің типтік үлгісіне сай келеді. Көне түркі сөздігінің айғақтарына қарағанда, «Оғұз қаған» эпосы мен «Құтадғу білікте» *oguz* сөзі өзен мағынасында қолданылған [2; 382]. Гидронимдерді зерттеушілердің бәрі этимология барысында *оғыз/өгіз* сөзінің осы мағынасына тоқтам жасайды. Біздіңше, қазіргі қазақ тіліндегі *өзен, өзек* сөздерінің түп төркіні *өгіз* сөзіне келіп саяды. Қазақ жерінде бұл типтес атаулар баршылық: Екіаша (өзен, Алматы обл, Ескелді ауданы), Екісай (Павлодар обл., Баянауыл ауд.), Екісор (Қарағанды обл., Ақтоғай ауд.) т.б. Сөйтіп, *Екіөгіз (Екіөгіз)* астионимі «қатар орналасқан жұп, қос табиғи нысанның санын білдіретін» мағынадағы өзен атауын алған қала аты болып шығады.

Қорытынды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан аумағындағы қалалар, негізінен, Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңге тиесілі. Лингвомәдениеттану тұрғысынан алсақ, талдауларға тартылған қалалардың құрылуына негіз болған фактор суармалы егіншілік екенін айқындауға болады: бұл қалалардың дені өзен бойына орналасқан. Оған гидрографиялық терминдерден құралған астионимдер нақты куәлік ете алады: Оғызкент, Суяб, Сайрам, Сығанақ, Екіөгіз, Шарап, Ілебалық т.б. Бұл қалалардың атаулары тарих қойнауына енген: қазіргі уақытта қолданылмайды (Сайрамнан басқасы). Сондықтан Ұлы Жібек жолы бойындағы қала атауларын зерттеуде этимологиялық талдау басты орынға қойылады.

Бірнеше қаланың атауы түркі мен соғды элементтерінің бірігуінен түзіледі: Суяб, Шарап, Науакент, Оғызкент, Пянджикент т.б. Мұның тарихи себебі – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Ұлы Жібек жолының бойында түркілер мен соғдылар қатар, араласа тіршілік еткен, мысалы Науакент соғдылардың қаласы болған, бірақ онда түркі қағандарының сарайы орналасқан. Бұл кезеңді түркі тілі дамуының бір кезеңі деп бағалауға болады.

Әрине, басқа да табиғи нысандарға негізделген астионимдер де Жібек жолының Қазақстан аумағында аз емес: Талғар, Шауғар, Алмалық, Құмкент, Меркі, Созақ т.б. Урбандану мақсатымен салынған тарихи қалалар да бар: Науакент, Тараз, Отырар, Шауғар, Сарайшық, Күшар, Қарашар т.б. Бұларды зерттеу де тиімді болмақ, ал зерттеп нәтижелер алу – болашақтың ісі.

Мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Әдебиет

- 1 Байпақов К. Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан / К. Байпақов, А. Нұржанов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 208 б.
- 2 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Издательство «Наука», 1969.
- 3 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов / Э.М. Мурзаев. – Москва: Мысль, 1984.
- 4 Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері / Б. Бияров. – Астана: Ш. Шаяхметов ат. Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013.
- 5 Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары / Д. Жүнісов. – Алматы: Қазақстан, 1991.
- 6 Конкашпаев Г. Казахские народные географические термины / Г. Конкашпаев // Изв. АН Казах. ССР, Серия география. – Алма-Ата, 1951. – Вып. 3.
- 7 Большой толковый словарь якутского языка. Т. XIV. – Новосибирск: Наука, 2017.
- 8 Каримова Л. Узбек тилида топонимларнинг урганилиши / Л. Каримова. – Ташкент, 1983.
- 9 Кажобеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках: явление синкретизма / Е.З. Кажобеков. – Алма-Ата: Наука, 1986.
- 10 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.
- 11 Диалектологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
- 12 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. 3-том / М. Қашқари. – Алматы: ХАНТ, 1997.

Ж.А. Жакупов

Казахские астионимы Великого шелкового пути

Лингвистическое изучение Великого шелкового пути в междисциплинарном аспекте является важным. Это необходимо для понимания кумулятивной функции языка, также внесет существенный вклад в казахскую лингвокультурологию. С этой целью в данной статье была задача исследовать казахские города вдоль Великого шелкового пути. Для определения полноты их значения был привлечен этимологический подход. Вдоль Великого шелкового пути располагалось очень много городов и охватить всех их в объеме небольшой статьи невозможно. Поэтому объектом исследования стали города расположенные на территории Казахстана. Для ономастики главной целью является исследование устаревших, затемненных именований, чтобы достичь эту цель к анализу были привлечены названия городов, найденных при археологических раскопках. Чтобы достичь логического завершения изложения мы ограничились астионимами, основанными на гидрографических терминах. В ходе исследования установлено место в Великом шелковом пути южных казахских городов *Сайрам*, *Сыганак*, *Суйаб*, *Шаран*, *Екиогуз*; определены типовые образцы названий древних городов; дано новое этимологическое толкование астионимам.

Ключевые слова: ономастика, топоним, дромоним, ойконим, астионим, типические образцы, состав слова, компонент.

Zh.A. Zhakupov

Kazakh Astyonyms on the Great Silk Road

The linguistic study of the Great Silk Road in an interdisciplinary aspect is an important study for a complete understanding of the cumulative function of language. This enriches the Kazakh linguoculturology. For this purpose, the Kazakh cities of the Great Silk Road were studied. Their meaning is determined by etymology.

There were a lot of cities along the Silk Road. It is impossible to cover all of them in the scope of the article. Therefore, cities located in Kazakhstan became the object of the study. The main goal for onomastics is the study of obscured words, in order to achieve this goal, the names of cities found by archaeological excavations are involved in the analysis. In order for the course of the study to be logically collected, we limited ourselves to astyonyms based on hydrographic terms. The place of the cities *Sairam*, *Syganak*, *Suyab*, *Sharap*, *Ekioguz* in the Great Silk Road was established; typical patterns of city names are determined, a new etymological interpretation of astyonyms is given.

Key words: onomastics, toponym, dromonim, oikonym, astyonym, typical patterns, word composition, component.

References

- 1 Baipakov, K. & Nurzhanov, A. (1992). Uly Zhibek zholy zhane ortagasyrlyq Qazaqstan [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 2 Drevnetjurkskij slovar' [Old Turkic dictionary] (1969). Leningrad: Izdatel'stvo «Nauka» [in Russian].
- 3 Murzayev, E. M. (1984). Slovar' narodnyh geograficheskikh terminov [Dictionary of folk geographical terms]. Moscow: Mysl' [in Russian].
- 4 Biyarov, B. (2013). Qazaq toponymderinin tiptik ulgileri [Typical examples of Kazakh toponyms]. Astana: Sh. Shayakhmetov at. Tilderdi damytudyn respublikalyq uilestiru-adistemelik ortalygy [in Kazakh].
- 5 Zhunisov, D. (1991). Ozen-kol ataulary [Names of rivers and lakes]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 6 Konkashpayev, G. (1951). Kazakhskiy narodnyye geograficheskiye terminy [Kazakh folk geographical terms]. *Izv. AN Kazah. SSR, Seriya geografija – Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Geography Series. Vol. 3.* Alma-Ata [in Russian].
- 7 Bol'shoy tolkovyy slovar' yakutskogo yazyka [Big explanatory dictionary of the Yakut language] (2017). Vol. XIV. Novosibirsk [in Russian].
- 8 Karimova, L. (1983). Uzbek tilida toponimlarning urganilishi [Study of toponyms in Uzbek language]. Tashkent [in Uzbek].
- 9 Kazhibekov, E.Z. (1986). Glagol'no-imennaja korreljacija gomogennyh kornej v tjurkskih jazykah: javlenie sinkretizma [Verb-Nominal Correlation of Homogeneous Roots in Turkic Languages: Phenomenon of Syncretism]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 10 Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozjasam, syntaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax] (2002). Astana [in Kazakh].
- 11 Dialektologiyalyq sozdik [Dialectological dictionary] (2007). Almaty: «Arys» baspasy [in Kazakh].
- 12 Qashqari, M. (1997). Turik tilinin sozdigi: (Diuanı lügat-it-turik): 3 tomдық shygarmalar zhııagy [Türk dilinin sözdigi: (Diuanı lıfat-it-turik): 3 tomдық shyfarmalar zhııaryı.]. Vol.3. Almaty: HANT [in Kazakh].